

«8D04101 – Мемлекеттік және жергілікті басқару» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Мемлекеттік басқаруға әйелдердің әлеуметтік мінез-құлқының өзгерісінің рөлі» тақырыбындағы Нархоз университетінің докторанты Кенжегүлова Гаухар Коблановнаның диссертациялық жұмысына

АҢДАТПА

Диссертация тақырыбының өзектілігі. Мемлекеттік басқару – елдердің стратегиялық дамуын айқындайтын негізгі сала, ал әйелдердің осы үдеріске қатысуы әлеуметтік белсенділіктің, гендерлік теңдіктің және басқарушылық шешімдердің тиімділігінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) мәліметтері бойынша, әйелдердің басқарушылық үдерістерге қатысуы мемлекеттік басқару сапасының артуына, қоғамдық сенім деңгейінің көтерілуіне және неғұрлым инклюзивті шешімдердің қабылдануына ықпал етеді [OECD, 2023]. Бұл үдерісте әйелдердің әлеуметтік белсенділігі ерекше рөл атқарады: ол олардың кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндік беріп қана қоймай, басқару жүйесінің трансформациялануының маңызды құралына айналады. Әйелдердің саяси үдерістерге, қоғамдық бастамаларға және билік институттарына белсенді қатысуы білім мен денсаулық сақтауға тең қолжетімділік, әлеуметтік осал топтардың құқықтарын қорғау, отбасылық саясатты дамыту және гендерлік кемсітушілікпен күрес сияқты әлеуметтік маңызы бар мәселелердің күн тәртібін кеңейтеді.

Сонымен қатар, мемлекеттік басқарудағы әйелдердің әлеуметтік белсенділігі олардың кәсіби дамуының факторы ғана емес, сонымен бірге инклюзивті саясатты қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады. Алайда гендерлік теңгерімді қамтамасыз ету бойынша қабылданып жатқан шараларға қарамастан, әйелдер әлі де басшылық лауазымдарға тағайындалу жолында кедергілерге тап болуда, ал олардың мемлекеттік басқару саласындағы әлеуметтік белсенділік деңгейі төмен болып отыр. Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ) деректеріне сәйкес, әйелдер мемлекеттік сектордағы басшылық лауазымдардың орташа есеппен 26,7%-ын ғана иеленеді, бұл көрсеткіш аймаққа және елдің экономикалық даму деңгейіне байланысты өзгеріп отырады [WEF, 2023]. Қазақстанда Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша, мемлекеттік қызметшілер арасындағы әйелдердің үлесі 55,2%-ды құрайды, алайда олардың жоғары басқару құрылымдарындағы үлесі 18,7% деңгейінде қалып отыр. Бұл гендерлік теңсіздіктің сақталып отырғанын айғақтайды. Мұндай теңгерімсіздік әйелдердің жоғары жалақы төленетін және мансаптық өсу перспективасы бар лауазымдарға қол жеткізу мүмкіндіктерін шектейді, сондай-ақ олардың кәсіби дамуы мен көшбасшылық әлеуетін жүзеге асыруына кедергі келтіреді. Сонымен қатар, мемлекеттік басқарудағы әйелдердің әлеуметтік белсенділігінің жеткіліксіздігі олардың басқарушылық үдерістерге қатысу мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған бастамалардың ілгерілеуін тежейді.

Нәтижесінде, шешім қабылдау үдерісіндегі гендерлік теңсіздік сақталуда, бұл өз кезегінде инклюзивті саясаттың жүзеге асырылуын баяулатады.

Жоғарыда аталған факторларды ескере отырып, зерттеудің өзектілігі әйелдердің мемлекеттік басқарудағы сандық қатысуын арттыру ғана емес, сонымен бірге олардың әлеуметтік белсенділігін сапалық тұрғыдан нығайту қажеттілігімен анықталады. Мемлекеттік басқару саласындағы гендерлік теңдік мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты болып қала береді, алайда шешім қабылдау үдерісінде әйелдердің жеткіліксіз өкілдігі инклюзивті дамудың толыққанды жүзеге асырылуына кедергі келтіреді. Осыған байланысты, азаматтық белсенділік деңгейіне әсер ететін факторларды зерттеу, сондай-ақ әйелдердің мемлекеттік басқару саласындағы мүмкіндіктерін кеңейту механизмдерін талдау ерекше маңызға ие болады. Қолданыстағы кедергілерді анықтау және оларды еңсеру жолдарын іздестіру әйелдердің көшбасшылық әлеуетін нығайтуға және олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған кешенді тәсілді әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, институционалдық және әлеуметтік шектеулер әйелдердің мемлекеттік басқару үдерістеріне белсенді қатысуын қиындататын негізгі тосқауылдар болып табылады. Қабылданып жатқан шараларға қарамастан, басқарушылық ресурстардың біркелкі бөлінбеуі, жүйелі қолдау құралдарының болмауы және мемлекеттік күн тәртібін қалыптастыруға әйелдердің төмен деңгейде қатысуы айтарлықтай кедергілер тудырады. Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту және стратегиялық басымдықтарды іске асыру жағдайында әйелдердің әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстарды әзірлеуге ерекше назар аудару қажет. Осыған байланысты, әйелдердің әлеуметтік белсенділігін тежейтін факторларды кешенді талдау және азаматтық қатысуды ынталандырудың тиімді механизмдерін зерттеу маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұл зерттеу әйелдердің мемлекеттік басқару үдерістеріне ықпалын күшейтуге және әділеттілік, ашықтық пен тең мүмкіндіктер қағидаттарын толыққанды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің нысаны – мемлекеттік басқарудағы әйелдердің әлеуметтік белсенділігінің қалыптасу және даму үдерістері.

Зерттеудің пәні – мемлекеттік басқару жүйесіндегі әйелдердің әлеуметтік белсенділігі мен олардың басқарушылық шешімдер қабылдауға қатысуын айқындайтын ұйымдастырушылық-экономикалық қатынастар жиынтығы.

Зерттеудің мақсаты. Бұл диссертациялық зерттеудің мақсаты – Қазақстанда әйелдердің мемлекеттік басқарудағы әлеуметтік белсенділігін арттыруға және оларды мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға тартуға бағытталған ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу міндеттері :

- мемлекеттік басқаруда әйелдердің әлеуметтік белсенділігінің қалыптасуы мен дамуының теориялық негіздерін гендерлік рөлдерді талдау негізінде зерттеу;

- әйелдердің әлеуметтік белсенділігін дамытудың шетелдік модельдерін жүйелеу және олардың мемлекеттік басқару саласына тартылуын талдау;
- әйелдердің әлеуметтік белсенділігін талдау және оның Қазақстандағы мемлекеттік басқару тиімділігіне әсерін корреляциялық-регрессиялық әдіс (Z-score әдісі арқылы деректерді стандарттау) негізінде бағалау;
- әйелдердің білім деңгейінің олардың мемлекеттік басқару саласындағы әлеуметтік белсенділігіне әсерін бағалау;
- әйелдердің әлеуметтік белсенділігін қолдау жөніндегі институционалдық тетіктерді әзірлеу және оны мемлекеттік басқару үдерістеріне интеграциялау мүмкіндіктерін анықтау;
- Қазақстанда мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруда әйелдердің әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі Зерттеу әдіснамасы әйелдердің әлеуметтік белсенділігінің мемлекеттік басқару үдерістеріне ықпалын бағалауға мүмкіндік беретін сапалық және сандық талдау әдістерін қолдануға негізделген.

Осы жұмыста келесі әдістер пайдаланылды:

- Корреляциялық-регрессиялық талдау – әйелдердің білім деңгейі мен олардың мемлекеттік басқару саласына тартылуы арасындағы өзара байланысты бағалау үшін қолданылды. Бұл талдау JASP бағдарламалық камтамасыздандыруының көмегімен жүзеге асырылды.
- Z-score әдісімен стандарттау – әйелдердің әлеуметтік белсенділігін бағалау және оның мемлекеттік басқару тиімділігіне әсерін талдау үшін қолданылды.
- Жартылай құрылымдалған сұхбат әдісі – үш топтағы респонденттер арасында жүргізілді: әртүрлі білім деңгейіндегі (бакалавриат, магистратура, докторантура) әйелдер, үкіметтік емес ұйымдардың (ҰЕҰ) өкілдері, мемлекеттік органдардың қызметкерлері. Сұхбаттар Carol Bacchi (2010), Claxton Oldfield et al. (2010), Acus Acus (2019) және Koper et al. (2018) әдістемелері негізінде әзірленген 11 тақырыптық сұрақтар тобына негізделді.
- Atlas.ti бағдарламасы негізіндегі сапалық талдау – сұхбат деректерін өңдеу, әйелдердің әлеуметтік белсенділігіне қатысты негізгі мәселелер мен үрдістерді анықтау үшін пайдаланылды.
- Халықаралық тәжірибемен салыстырмалы талдау – Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік белсенділігін қолдаудың институционалдық тетіктерін әлемдік практикалармен салыстыру мақсатында қолданылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының ресми құжаттары, оның ішінде заңнамалық актілер, мемлекеттік бағдарламалар, стратегиялық құжаттар, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың статистикалық мәліметтері мен талдамалық есептері құрайды. Сонымен қатар, зерттеу барысында әйелдердің әлеуметтік белсенділігі, гендерлік теңдік және мемлекеттік басқару мәселелеріне арналған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Бұл зерттеу мемлекеттік басқару теориясы мен практикасын дамытуға үлесін қосады, өйткені ол әйелдердің басқару үдерістеріне қатысу тетіктерін олардың әлеуметтік белсенділігі арқылы ашады. Жұмыс барысында әйелдердің әлеуметтік белсенділігінің анықтамалары жүйеленді, оны бағалаудың жаңа әдістемелік құралдары ұсынылып, мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларда әйелдердің белсенділігін арттыруға арналған ұсыныстар әзірленді.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы:

– Мемлекеттік басқарудағы әйелдердің әлеуметтік белсенділігіне авторлық анықтама берілді, оған сәйкес бұл әйелдердің елдің экономикалық және әлеуметтік дамуына белсенді қатысуының бір түрі ретінде қарастырылады.

– Әйелдердің әлеуметтік белсенділігін сандық бағалау әдістемесі әзірленді, ол корреляциялық-регрессиялық талдауды және Z-score әдісі арқылы стандарттауды қамтиды.

– Әйелдердің әлеуметтік белсенділігінің мемлекеттік басқару тиімділігіне әсер етуінің экономикалық-математикалық моделі жасалды, бұл әйелдердің қатысу деңгейінің мемлекеттік басқарудың негізгі көрсеткіштеріне және қоғамның даму үдерістеріне әсерін сандық тұрғыда бағалауға мүмкіндік береді.

– Әйелдердің білім деңгейінің мемлекеттік басқарудағы әлеуметтік белсенділікке ықпалы зерттелді және білім деңгейінің өсуімен олардың қоғамдық бастамалардан басқару үдерістеріне және институционалдық реформаларға тартылу сипаты өзгеретіні дәлелденді.

– Қазақстандағы әйелдердің әлеуметтік белсенділігін институционализациялау үдерісі паллиативті көмек жүйесі үлгісінде зерттелді, негізгі даму кезеңдері, бастамашыл қауымдастықтардың мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-қимыл үлгілері және әлеуметтік салада шешім қабылдауға әсер ету тетіктері анықталды.

– Халықаралық тәжірибе мен Қазақстандағы мемлекеттік басқару ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыру барысында әйелдердің әлеуметтік белсенділігін қолдауға арналған практикалық ұсынымдар әзірленді.

Қорғауға мынадай ғылыми ережелер шығарылады:

1. «Әйелдердің әлеуметтік белсенділігі» түсінігіне авторлық анықтама берілді, оған сәйкес бұл экономика, әлеуметтік сала және саясат арқылы қоғамдағы өзгерістерге ықпал ететін әйелдердің мақсатты іс-әрекеттерін білдіреді.
2. Әйелдердің мемлекеттік басқару жүйесіне тартылуын және олардың мемлекеттік әлеуметтік бағдарламаларға әсерін бағалау үшін Z-score әдісін қолдану негізделді.
3. Әйелдердің білім деңгейінің мемлекеттік басқаруға қатысу сипатына әсерін бағалау нәтижелері көрсеткендей, жоғары білім деңгейі бар әйелдер басқару және институционалдық өзгерістер үдерістеріне көбірек араласады.

4. Әйелдердің әлеуметтік белсенділігі негізінде мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы серіктестіктің моделі ұсынылды (мысалы, паллиативті көмек жүйесінде), ол денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік басқарудың кемшіліктерін толықтыруға және бұл тәжірибені басқа әлеуметтік саясат салаларында қолдануға мүмкіндік береді.

5. Қазақстанда әйелдердің әлеуметтік белсенділігін институционализациялау тетіктері негізделді, олардың ішінде негізгі факторлар, кедергілер және ынталандыру шаралары анықталды. Бұл басқару үдерістеріне әйелдердің қатысуын арттыру стратегияларын әзірлеу кезінде ескерілуі тиіс.

Ғылыми даму бағыттары мен мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі

Қазақстанның ұзақмерзімді стратегиялық бағдарларын айқындайтын «Қазақстан-2050» стратегиясы аясында мемлекеттік басқарудағы гендерлік теңдік пен әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту инклюзивті дамудың ажырамас элементтері ретінде қарастырылады. Стратегияның басты басымдықтарының бірі – меритократия, ашықтық және тең мүмкіндіктер қағидаттарына негізделген тиімді мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыру. Нәтижесінде, әйелдердің басқару үдерістеріне белсенді қатысуы мен олардың әлеуметтік белсенділігі тек әлеуметтік әділеттіліктің факторы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру құралы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, әйелдердің әлеуметтік белсенділігінің маңыздылығы олардың экономикаға қатысуын арттыру қажеттілігі жағдайында өсуде. Бұл 2024 жылғы 2 қыркүйекте Қазақстан халқына арнаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсу, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында көрсетілген стратегиялық бастамаларда ерекше атап өтілген. Аталған құжатта тең мүмкіндіктер мен барлық азаматтардың инклюзивті дамуына жағдай жасау қажеттілігі мен дисбаланстарды жою маңыздылығы көрсетілген. Осы тұрғыдан алғанда, әйелдердің әлеуметтік белсенділігін қолдауға бағытталған тиімді құралдарды әзірлеу – Қазақстандағы тұрақты даму мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің маңызды міндетіне айналып отыр.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Бұл зерттеу мемлекеттік басқарудағы әйелдердің әлеуметтік белсенділігі мәселесін зерделеуге жаңа теориялық үлес қосады. Зерттеу әлеуметтік белсенділіктің тұжырымдамалық шеңберін кеңейтіп, оның саяси және әлеуметтік-экономикалық салалардағы рөлін нақтылайды. Институционализация және әлеуметтік қозғалыстар теориясына гендерлік факторды қосу арқылы мемлекеттік басқару, саяси қатысу және гендерлік зерттеулер саласындағы теориялық тәсілдер толықтырылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері мемлекеттік саясатты әзірлеу және басқару тетіктерін жетілдіру барысында қолданылуы мүмкін. Әйелдердің басқару үдерістеріне қатысуын кеңейту стратегияларын әзірлеу үшін алынған нәтижелер мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдарға пайдалы болмақ.

Бұл зерттеу әйелдердің әлеуметтік белсенділігін мемлекеттік бағдарламаларға, әсіресе әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау (паллиативтік көмек) және кәсіпкерлік салаларына интеграциялау тетіктерін дамытуға ықпал етеді.

Халықаралық ұйымдар да зерттеу нәтижелерін Қазақстандағы гендерлік саясатты жүзеге асыру стратегияларын әзірлеу кезінде пайдалана алады, сонымен қатар бұл жұмыс Қазақстанның ұлттық стратегияларын БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарымен (ТДМ 5) үйлестіруге көмектеседі.

Диссертациялық зерттеу нәтижелерін апробациялау және оларды енгізу: Диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелері ғылыми басылымдарда жарық көрді: 1 ұжымдық монография, 1 авторлық куәлік, 11 ғылыми мақала. Олардың ішінде: 3 мақала Scopus дерекқорына кіретін рейтингтік журналдарда (35-ші перцентильден жоғары), 4 мақала ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда, 4 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы келесі іс-шараларда жүзеге асырылды:

1. Қазақстандағы онлайн-сауда алаңдарындағы әйелдердің қатысуы: артықшылықтар мен кедергілер (Asia & the Pacific Policy Studies, Scopus Q2, перцентиль – 61, 2022, 9(3), 343–369. DOI: <https://doi.org/10.1002/app5.361>), салымы – 40 % құрайды.

2. Қазақстандағы паллиативтік көмек жүйесіне әйел-еріктілердің қатысуын бағалау (Problems and Perspectives in Management, Scopus Q2, перцентиль – 75, 2022, 20(4), 483–495. DOI: [http://dx.doi.org/10.21511/ppm.20\(4\).2022.36](http://dx.doi.org/10.21511/ppm.20(4).2022.36)), салымы – 80 % құрайды.

3. Қазақстанның ауылдық өңірлеріндегі әйелдердің ресурстарға қол жеткізуін бағалау (R-Economy, Scopus Q3, перцентиль – 52, 2024, 10(2), 123–136. DOI: <http://dx.doi.org/10.15826/recon.2024.10.2.008>), салымы – 30 % құрайды.

4. Қазақстанның қалалық және ауылдық аймақтарындағы кедейлікті азайтудағы экономикалық инвестициялардың рөлі (Eurasian Journal of Economic and Business Studies, ҚР ҒЖБМ тізімі, 2024, 68(1), 114–130. DOI: <https://doi.org/10.47703/ejeb.v68i1.372>), салымы – 85 % құрайды.

5. Гендерлік теңдік және мемлекеттік басқарудағы әйелдердің қатысуы: Қазақстан мысалы (Экономика: стратегия и практика, ҚР ҒЖБМ тізімі, 2021, № 2(16), 197–205. DOI: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-2-197-205>), салымы – 60 % құрайды.

6. Қазақстандағы жоғары білім беру мүмкіндіктері туралы әйелдердің көзқарасы (Экономика: стратегия и практика, ҚР ҒЖБМ тізімі, 2021, № 3(16), 204–216. DOI: <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-3-204-216>), салымы – 100 % құрайды.

7. Қазақстандағы онлайн-нарыққа әйелдердің қатысу деңгейіне ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әсерін бағалау (Journal of Economic Research & Business Administration, ҚР ҒЖБМ тізімі, 2022, № 1(139),

3–15. DOI: <https://doi.org/10.26577/be.2022.v139.i1.01>), салымы – 30 % құрайды.

8. Көпсалалы ресурстарға қолжетімділік бойынша гендерлік теңсіздік: Қазақстан мысалы (E3S Web of Conferences, ISCMEE 2024, Vol. 558, p. 01024. DOI: <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202455801024>), салымы – 40 % құрайды.

9. Ауыл шаруашылығының ЖӨӨ-дегі үлесі мен қалдықтар деңгейі арасындағы байланыс: корреляциялық талдау (E3S Web of Conferences, WFCES 2024, Vol. 541, p. 03002. DOI: <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202454103002>), салымы – 50 % құрайды.

10. Қазақстандағы жобалық басқару: мәселелер мен шешімдер (III Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары: «Қазіргі экономиканы басқарудың өзекті мәселелері», НОЧУ ВО «Мәскеу экономикалық институты», Мәскеу, 2020, 349–357 бет. УДК: 35), салымы – 100 % құрайды.

11. Қазақстанның өңірлік әлеуетін дамытудың жаңа трендтері: әлемдік тәжірибе, түйінді факторлар мен стратегиялар / Нурбацин А.С., Кенжегулова Г.К. – Алматы: «Арыс» баспасы, Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық Бизнес Университеті, 2024. – 240 бет. ISBN 978-601-291-636-2, салымы – 50 % құрайды.

12. Өңірлік проблемаларды рейтингтеу және әлеуметтік-мәдени, экономикалық әлеуетті бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (Авторлық куәлік № 49432, 04.09.2024), салымы – 30 % құрайды.